



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы негізінде

2024-2025 оқу жылына арналған ПЕДАГОГ-ЛОГОПЕДТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Педагог – логопед: Кайранбаева А.А

Мақсаты

Оқушылардың сөйлеу тілі дамуының кемшіліктерін дер кезінде анықтап, түзету және алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы олардың оқу-танымдық және әлеуметтік бейімделу қабілеттерін арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері

1. Диагностикалық бағыт

- Балалардың сөйлеу тілін тексеру (дыбыс айту, сөздік қоры, грамматикалық құрылым, байланыстырып сөйлеу).
- Сөйлеу картасын толтыру, логопедиялық қорытынды шығару.
- Сөйлеу бұзылысының түрін, деңгейін анықтау.

2. Консультативтік бағыт

- Ата-аналарға баланың сөйлеуін дамыту жолдары туралы кеңес беру.
- Тәрбиешілер мен мұғалімдерге балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін түсіндіру.
- Сөйлеу бұзылысы бар балалармен қарым-қатынас жасауда ұсыныстар беру.

3. Дамыту (түзету) бағыт

- Дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру.
- Буын, сөз, сөйлем деңгейінде сөйлеуді дамыту.
- Сөздік қорын байыту, грамматикалық құрылымын жетілдіру.
- Байланыстырып сөйлеуді дамыту (әңгіме құрау, мәтін мазмұндау).
- Жазу мен оқуға дайындық, дисграфия/дислексияның алдын алу.

4. Психологиялық-педагогикалық ағарту жұмысы

- Ата-аналарға арналған семинар, тренингтер өткізу (үй жағдайында сөйлеуді дамыту жолдары).
- Педагогтерге әдістемелік кеңестер беру.
- Сөйлеу мәдениетін насихаттау.

5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт

- Жылдық, айлық жұмыс жоспарын құру.
- Баланың жеке даму бағдарламасын (ЖДБ) жасау.
- Логопедиялық кабинет құжаттарын жүргізу.
- Басқа мамандармен (психолог, дефектолог, әлеуметтік педагог) бірлесе жұмыс ұйымдастыру.

1. Диагностикалық бағыт

Іс-шара	Мақсаты	Мерзімі
Баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін, жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін анықтау	Сөйлеу тілінің бұзылыстарын анықтау	1–30 қыркүйек
Дыбыс айту, фонематикалық қабылдау, сөздік қоры, грамматикалық құрылым мен байланыстырып сөйлеу дағдыларын тексеру	Сөйлеу тілінің бұзылыстарын анықтау	1–15 қыркүйек
Әр баланың әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарының бағытын айқындау	Ауытқулардың түрін, деңгейін анықтау	1–15 қыркүйек
Қайта тексеру, салыстырмалы диагностика	Жетістіктерді, динамиканы бағалау	1–20 мамыр

2. Консультативтік бағыт

Бағыты	Мазмұны	Мерзімі
Мұғалімдер мен ата-аналарға	Баланың сөйлеу тілі дамуы мен тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналарға және педагогтерге жеке және топтық кеңес беру;	Жыл бойы
Мұғалімдерге	Мұғалімдерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сөйлеуін дамыту және сабақта қолдау көрсету жолдары бойынша әдістемелік нұсқаулар беру;	Мектеп мұғалімдеріне арналған жылдық жоспарға сәйкес
Ата-аналарға	Ата-аналарға баланың сөйлеуін дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелерінде жан-жақты психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.	Ата-аналарға арналған жылдық жоспарға сәйкес

3. Түзету-дамыту жұмысы

Бағыт	Іс-шара	Мерзімі
Сөйлеу тілі бұзылыстарының түріне қарай дыбысты дұрыс айтуға машықтандыру;	Дыбысты ажырату, қабылдау, есту есін жетілдіру	Қыркүйек – мамыр
Дыбыс қою және автоматтандыру	[P], [C], [Ш], [Л], т.б. дыбыстарды қою және машықтандыру	Қыркүйек – мамыр
Сөздік қорын байыту, грамматикалық құрылымдарды меңгерту, байланыстырып сөйлеуін дамыту;	Тақырыптық сөздермен жұмыс, антоним, синоним, жалпылау. Сөйлем құрастыру, септік жалғауларын меңгеру, сұрақ-жауап. Әңгіме құрау, мазмұндау, жоспар бойынша айту	Қыркүйек – мамыр
Жазу мен оқуда кездесетін қиындықтардың (дисграфия, дислексия) алдын алу және түзету;		Қыркүйек – мамыр
Оқуда, қарым-қатынаста сөйлеу тіліне байланысты қиындықтарды еңсеруге көмектесу.		Қыркүйек – мамыр
Жеке және топтық логопедиялық сабақтар	Баланың ерекшелігіне қарай сараланған жұмыс	Қыркүйек – мамыр

4. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты

Бағыт	Мақсаты	Мерзімі
Педагогтердің логопедиялық және психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруға, сөйлеу тіліндегі қиындықтарды алдын алу жолдарын меңгертуге бағыттау	Сөйлеу тіліндегі қиындықтарды алдын алу жолдарын меңгерту арқылы білім алушылардың тілдік және коммуникативтік дамуына жағдай жасау.	Жыл бойы
Бала сөйлеуіндегі қиындықтарды	Педагогтер мен ата-аналардың	Педагогтар мен ата-аналардың

ерте анықтау және алдын алу бойынша ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүргізу	сөйлеу тілі бұзылыстары жөніндегі білімін арттыру, олардың алдын алу мен түзету шараларын уақтылы қолдануға жағдай жасау.	жылдық жоспары бойынша
«Ерекше білім алуды қажет ететін балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың заманауи тәсілдері» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне семинар	Ерте анықтау әдістерін үйрету	Ақпан
«Қиын бала» деген кім? Сөйлеу бұзылыстары мен мінез-құлық арасындағы байланыс. Ата-аналарға арналған семинар	Баланың сөйлеу қиындықтарынан туындайтын психоэмоциялық мінез-құлық ерекшеліктерін түсіндіру	Сәуір

5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты

Іс-шара	Мазмұны	Мерзімі
Логопедиялық құжаттармен жұмыс Құжаттарды рәсімдеу және жүргізу: 1) Жұмыс кестесін құру; 2) Сабақ кестесін құру; Журнал толтыру: сабаққа қатысу, кеңестерді тіркеу.	Әр оқушыға жеке папка, бақылау кестелер	Жыл бойы
Жылдық қорытынды есеп	Атқарылған жұмыстың нәтижесі, ұсыныстар	Мамыр
Әдістемелік әзірлемелер жинағы	Қолданылған әдістер, жаттығулар, ойындар	Жыл бойы